

Mobi music қызметі аясында «Иван Дорнның концертіне билеттерді ұтысқа салу» науканын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер.

1.1. «Иван Дорнның концертіне билеттерді ұтысқа салу» науқанын өткізу ережелері (бұдан әрі – «Ережелер») осы науқанды (бұдан әрі – «Науқан») өткізу тәртібін, қатысу талаптарын, сондай-ақ жүлде, оны Науқан жеңімпазына беру тәртібі мен талаптарын айқындайды.

1.2. **Науқанды өткізу мақсаты:** Науқанды «Kcell» АҚ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) «Enaza Dev» ЖШҚ-мен (бұдан әрі – Компания) бірлесе отырып, **mobi music** қызметін ілгерілету, оның пайдаланушыларды көбейту мақсатында өткізеді.

1.3. Науқан талаптары:

1.3.1. **Науқанды өткізу кезеңі:** 2018 жылғы 1 қараша күнгі сағ. 00:00-ден (Астана уақыты бойынша) бастап 2018 жылғы 15 қараша күнгі сағ. 23:59-ға (Астана уақыты бойынша) дейін қоса алғанда.

1.3.2. **Науқанды өткізу аумағы** – Қазақстан Республикасы (Ұйымдастырушының ұялы байланыс желісі).

1.3.3. **Науқан қатысушылары** – жастары 18-ге толған және Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаттары бар шетелдік азаматтар болып табылатын Activ және Kcell абоненттері.

1.4. Науқанға қатысуға:

- Ұйымдастырушының жұмыскерлері/қызметкерлері болып табылатын абоненттер;

- Компанияның жұмыскерлері/қызметкерлері болып табылатын абоненттер **жіберілмейді.**

2. Науқанды өткізу тәртібі

2.1. Бір мезгілде мына өлшемдердің барлығына сай келетін абонент Науқанға қатысушы болып танылады:

2.1.1. Науқан өткізу кезеңінде **mobi music** қызметін қосқан **mobi music** сервисінің пайдаланушысы.

2.1.2. **Mobi music** сервисі аясында Науқанды өткізу кезеңінде орындаушы Иван Дорнның тректерін барынша көп тыңдаған **mobi music** сервисінің пайдаланушысы.

2.1.3. Ережелердің 1.4-тармағына сәйкес Науқанға қатысуға жібермеуге негіздеме жоқ.

2.2. Науқан аяқталғаннан кейін оның қатысушылары арасында жеңімпаз анықталады.

2.3. Ережелерде көрсетілген әрекеттерді орындаған Науқан қатысушылары осы арқылы өздерінің Науқан Ережелерімен және Науқанға қатысу талаптарымен толық танысқандықтарын және келісетіндіктерін растайды.

2.4. **Mobi music** сервисі қызметтері, соның ішінде оларға төлем www.mobimusic.kz сайтында орналасқан талаптарға сәйкес жүргізіледі.

3. Науқанға қатысудан бас тарту

Абонент Ережелердің 2-бөлімінде көрсетілген науқанға қатысу талаптарының бірін орындамай, Науқанға қатысудан бас тартуға құқылы.

4. Жұлде қоры.

4.1. Науқанның жұлде қоры – **2018 ж. 17 қарашада** Астана қаласында өтетін Иван Дорнның концертіне 2 билет: **басталуы сағ. 19:30-да (Астана қ. уақыты бойынша), орны – Конгресс Орталығы**

4.2. Жұлде қоры Науқанды өткізу басталғанға дейін Компания есебінен қалыптастырылады және жұлдені жеңімпазға берген мезетке дейін Компанияның меншігі болып табылады.

4.3. Жұлде жеңімпаздың тұрғылықты жеріне жеткізілмейді. Көлік шығындары мен кез келген басқа шығындар өтелмейді және ақысы төленбейді. Жұлдені Ұйымдастырушының қалауы бойынша Ұйымдастырушының Астана қ-сындағы офистерінің бірінен алуға болады.

5. Жеңімпазды анықтау.

5.1. Жеңімпаз платформа жеткізушісінен алынған **mobi music** сервисі платформасының деректері негізінде **2018 жылғы 16 қарашада** анықталады. Ережелердің 2.1-тармағына сәйкес келетін және Науқан өтетін кезеңде **mobi music** сервисі аясында **орындаушы Иван Дорнның** әндерін ең көп тыңдаған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

5.2. Ұтқаны туралы хабардар ету үшін Науқан жеңімпазына Науқанға қатысу жүргізілген абоненттік нөмір бойынша Ұйымдастырушы өкілдері хабарласады. Нәтижелерді хабарлау **2018 жылғы 16 қараша күнгі сағ. 18:00-ге дейін (Астана қ. уақыты бойынша)** жүзеге асырылады. Науқан нәтижелері Instagram мен Facebook-тағы **mobi** парақшаларында жарияланады.

5.3. Мынадай жағдайларда Жеңімпаз жұлдені қажет етпеген болып есептеледі:

- Ұйымдастырушы ұтқаны туралы хабардар ету үшін жеңімпазға қоңырау шалу арқылы байланысқа шыға алмаған жағдайда. Ұйымдастырушы жеңімпаз анықталғаннан кейін 2018 жылғы 16 қарашада екі рет қатарынан қоңырау шалады;

- Ұйымдастырушы Ережелердің 7.3-тармағында көрсетілген жеңімпаздың келісімін, сондай-ақ Науқан жұлдесін алу үшін қажетті мәліметтерді алмаған жағдайда;

- жеңімпаз 2018 жылғы 17 қараша сағ. 14:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) жұлдені алу үшін Ұйымдастырушының Ережелерде көрсетілген бірде бір офисіне келмеген жағдайда.

Жеңімпаз жұлдені қажет етпеген жағдайда, Ұйымдастырушы жұлдені бермеуге құқылы.

5.4. Ережелердің 5.3. тармағында көрсетілген жағдайларда Ұйымдастырушы талап етілмеген сыйлықты өз бетінше жарату құқығын өзіне қалдырады, оның ішінде Ережелерге сәйкес жаңа жеңімпазды анықтай алады.

5.5. Жеңімпаз Ережелерде көзделген талаптарды орындамаған, Байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шарттың, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы жеңімпазға жұлдені беруден бас тартуға құқылы.

6. Салықтар:

Жеңімпаздың жүлдені алуына байланысты туындауы мүмкін барлық төлемдерді жеңімпаз өзінен төлеулері тиіс.

7. Қорытынды ережелер.

- 7.1. Науқан туралы ақпаратты mobimusic.kz, activ.kz және kcell.kz сайттарынан білуге болады.
- 7.2. Ұйымдастырушы жеңімпаздың Ережелерде көзделген жағдайларда жүлдені алмағаны үшін жауапкершілік көтермейді.
- 7.3. Науқан жеңімпазы жеңімпаз бен жүлде туралы ақпаратты жариялау мақсатында Ұйымдастырушымен төлем алусыз дербес деректерді және жеңімпаз туралы өзге ақпаратты жинауға және өндеуге; абоненттің суретін (с.і. фотосурет), бейне туындыны (с.і. видео) және өзге құжаттарды, жазбаларды (с.і. сұхбат), жеңімпаздың сіреті көрсетілген туындыларды жасауға жариялауға, көрсетуге және таратуға келісім жасауға міндеттенеді. Жеңімпаздың келісімі Ұйымдастырушының нысаны бойынша және талаптарында (соның ішінде келісім мерзімі мен мақсаты, жариялау және тарату орны мен тәсілі) беріледі.
- 7.4. Науқан аясындағы жүлдені ақшалай баламасына айырбастау көзделмеген.

8. Қосымша талаптар:

- 8.1. Ұйымдастырушы бұл Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзбайтын болса, Ереже өзгерген күні өзгертілген Ережені mobimusic.kz, activ.kz және kcell.kz сайттарына орналастыру арқылы оны өзгерту туралы хабарлар ете отырып, кез келген негізде бір жақты тәртіпте өзгертуге құқылы.
- 8.2. Ұйымдастырушы абоненттік құрылғының және абоненттік нөмірлердің меншік құқығы, иелігі немесе оларды пайдалану туралы қандай да бір дауларға қатыспайды және оларға қатысты ешқандай жауапкершілікте болмайды. Ұйымдастырушыға абоненттік нөмірі бар абоненттік құрылғыны ұсынған және осы телефон арқылы Науқанға қатысқан тұлға, оның шынайы иесі болып есептеледі, бұл жағдайда аталмыш тұлға абоненттік нөмірдің тіркелген абоненті болуы қажет немесе өз құқықтарын тиісті түрде растап, ұсынуы керек.
- 8.3. Ұйымдастырушы Ережелерге сәйкес жүлдені алу құқығын растайтын талаптарға қатысты қандай да бір хат алысуға немесе қандай да бір түсініктемелер беруге міндетті емес.
- 8.4. Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының ұялы желілерінде, жабдығында орын алуы мүмкін өнеркәсіптік ақау, сондай-ақ техникалық және технологиялық қателіктер үшін жауапкершілік көтермейді.
- 8.5. Науқан ұйымдастырушысы:
 - 8.5.1. Науқан жүлдесін алу үшін қажетті мәліметтердің/құжаттардың алынбауы/уақтылы алынбауы;
 - 8.5.2. Науқан Қатысушыларының Ережелерде көзделген міндеттерін орындамауы/уақтылы орындамауы;
 - 8.5.3. Жеңімпаздың кез келген себеппен жүлдені алмауы;
 - 8.5.4. Концерттің болмай қалуы/басқа уақытқа ауыстырылуы;
 - 8.5.5. Жүлденің Жеңімпаз көңілінен шықпауы үшін жауапкершілік көтермейді.
- 8.6. Науқанды ұйымдастыру мен өткізуді **mobi music** қызметін пайдаланушыларды көбейту, сондай-ақ Ұйымдастырушы абоненттерін қосымша қызметтерді пайдалануға ынталандыру мақсатында Ұйымдастырушы жүзеге асырады.
- 8.7. Науқанның өткізілуімен байланысты барлық даулар келіссөздер жолымен шешілуі тиіс. Бейбіт жолмен келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті сотында қаралуы тиіс.
- 8.8. Науқанды өткізу барысында Қатысушының үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуымен байланысты үшінші тұлғалар тарапынан Ұйымдастырушыға қандай да бір кінәрат-талаптар болған жағдайда, Қатысушы өзіне осындай дауларды өзінен шешу жауапкершілігін алады.
- 8.9. Науқанды өткізу ережелерін Ұйымдастырушы mobimusic.kz, activ.kz және kcell.kz сайтында жариялайды.

Науқанға қатысты барлық сұрақтар бойынша абоненттер Ұйымдастырушының қоңырау шалу орталығына хабарласа алады: activ абоненттері үшін 3030 және Kcell абоненттері үшін 9090.

9. Науқанға қатыса отырып, сіз осы Ережелермен толық келісесіз.